

Пәннің аты:қазақ тілі	Уақыты:18.05.2017	Кабинет:40	Мұғалім:Калиева А.А.
Сабақтың атауы	Диктант "Достар"		
Мақсаты	<p>Сабақтың мақсаты:</p> <p>1.Оқушылардың жыл бойы алған білімдерін қорытындылау мақсатында диктант алынады .Оқушылардың білімдері тексеріледі.</p> <p>2.Оқушылардың сауаттылығы,қатесіз жазу дағдылары дамытылады.</p> <p>3.Ұқыптылыққа тәрбиеленеді.</p> <p>Сабақтың түрі:білімдерін тексеру.</p> <p>Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап,түсіндіру,жазбаша жұмыс</p>		
Психологиялық ахуал	<p>Қоңырау біздің сиқырлы, Сыңғырлап тағы ән салды. Шақырды түріп ұйқынды, Шеңберге тұр, – деп баршанды</p>		
Қызығушылықты ояту	<p>*Өтілген материалдар бойынша алған білімдерін тексер</p> <p>- Дыбыс және әріп.</p> <p>- Мәтін.</p> <p>-Сөйлем.</p> <p>-Сөз және сөз құрамы.</p> <p>-Сөз таптары.</p> <p>*Диктантқа дайындық</p> <p>-Сөйлем қалай жазылады?</p> <p>-Сөйлем аяқталған соң қандай тыныс белгілері қойылады?</p> <p>*Сабақтың тақырыбын және мақсатын жариялау.</p> <p>-Бүгін диктант жазамыз.</p>		
Мағынаны тану	<p>*Мәтінмен жұмыс.</p> <p>1. Мәтінмен таныстыру.</p> <p style="text-align: center;">Достар</p> <p>Зейін бақта жүр.Қарақат бұталарының сыртына мойнын созып қарап қояды.Бұтаның арғы бетінде шымшықтар жел түсірген бүршіктерді шоқып жүр.Жерге еңкейген сайын құйрықтары шошаң-шошаң етеді.Зейін қуанып кетті.Ағаштың төменгі жағына жем шашатын тақтай орнатты.Қызыл торғайлар әлгі жерге үйір болып кетті.Құстар-адамның досы.</p> <p>2.Сөздік жұмысын жүргізу.</p> <p>3.Тапсырма:</p> <p>1.Мәтіннен сөз таптарын тапқызып,астын сызғызу.</p> <p>2.Қарақат,бүршік сөздеріне дыбыстық талдау жасату.</p>		
Сергіту сәті	<p>Біз жазамыз,жазамыз, Саусақтарымыз талғанша. Дем аламыз,бой жазамыз, Қайта жазу жазамыз.</p>		
Ой толғаныс	Тест тапсырмаларын орындау.		
Үйге тапсырма	Қайталау.		
Бағалау	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>		

Тексерді:

